Тақырып №2

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором: КТ-11-02

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

Көрнекті ақын, жазушы, драматург Ілияс Есенберлиннің „Қаһар" романы - елдікті дәріптейтін тарихи туынды. Романның өзі „Қаһар", „Алмас қылыш", „Жанталас" атты 3 бөлімнен тұрады. Мұнда Абылайдың немересі, Қасымның үлкен ұлы Кенесарының XIX ғасырдағы ұлт-азаттық көтерілісі суреттеледі.

Кең жауырынды, ер мінезді, шоқтай отқа малынған қызыл қыран көзді Кенесары батырымыздың ерлігін бейнелейтін „Қаһар" романында түс көру мотивтері аса шеберлікпен, көркем тілмен құрастырылған. Ерімбіздің өз түсінен сескенуі, қасына екі атшыны ертіп, мола (түсіне баруы) басына баруы, Нысанбай жыраумен бір жиында отырып ой-талқыға түсуі осы сөздеріме дәлел бола алады. Үстіне ақ жамылған, қолына қобызын алған Нысанбай жыраудың қазақ жерін Шыңғысхан ұрпақтарының байлағанын айтуы қалың оқырманды ерекше бір құбылысқа бөледі. Халқын, жерін жаудан қорғауда аянбай еңбек еткен, азаттық жолында еш қиындыққа қайтпастай төтеп берген Кенесары мен оның қасындағы ел намысын қолдан бермеген, күрескер тұлға Наурызбай батырдың бұл көрініске қарсы тұруы романның идеясын толық ашады. Жаудан қайтып жүрген тұста Наурызбайдың өз елін сағынуы, жеңгесі Күлімжанға іштегі жазылмас дертінің сағыныш екендігін айтуы шығармаға бояу сарын беріп, оның ел мүддесіне толыққанды берілгендігін, туған жері үшін көрсеткен шынайы сезімін айқындайды. Апанына тығылған бөрі құсап, оңтайлы сәтті күтіп жатуы жас батырға қатты ұнасалмады. Сырт көзге толғағын көрсетпегенімен, інісінің өзі сияқты ойлайтынына қуанған ағасы апанында жатқан бөрінің жауына дөп беретінін байқап, ағалық қамқорлығын жеткізеді. Сонымен қатар жайма-шуақ күндердің бірінде Ерасан мен Абылайдың



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

әкелген қаралы хабары халықты дүр сілкіндіреді. Көптеген бауыр азаматтарынан айырылған ауыл жасы жоқтау айтып, ауыр күйзеліске ұшырауымен өтеді. Осы тұста романдағы ұдайлас Жасанбай ақынның „Кенесары-Наурызбай" жырын да айтып кеткен жөн. Жырдағы қырғыз бен қазақтың жан түршігерлік шайқасы тағы да еліміздің алмағайып азаматтарының ерлігін айғақтайды. Тоғысқан аттың жасалуынан басталған жырда дулат руының қазақтардан (бас тартуы) басқаруы, Наурызбайдың 20-25 жасындағы қаһармандығы, қолды бастаған Бұғыбайдың Наурызбайға кеңес беруі, Әртем мен ұлы жүздің бий Сыпатайдың келіспес сатқындығы сынды оқиғалар жүйелі түрде жазылған. Кенесарының (басының) басы қырғыз ханы Қалиханның қасына, Наурызбайдың басы қырғыз батыры Жарылғапқа, Ержан батырдың басы Жаналайқа берілуі жыр соңында айқын суреттеледі. Осындай тарихи деректерді абайтаның Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың „Хан Кене" прозасынан да байқай аламыз.

Міне, осылай шын-шытырман оқиғаларға толы роман да, жыр да өз заманында орны толмас құнды мұра болып қала бермек. „Қанар" романы-қазақ батырларының ерлігін бейнелейтін тосырмақ туынды десек те қателеспейміз. Оның мәңгілік мұра болып қалуы біздің қолымызда.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Қаһар" романындағы түс көру мотивтері және оның шығарма идеясына ықпалы.

XIX ғасырда халқымыздың басына түскен ауыр да қиындыққа толы күндерде еліне тірек болып, тәуелсіздік үшін жанын беруге даяр болған батыр ерлеріміз туралы жазар болсам, ақ парағым да, қаламымның сиясы да жетпес еді, сірә! Сонау алапат жылдары ел мүддесін, халық болмысын сақтап қалуда тарихымызда, көршілес алпауыт елдердің жерімізге дендеп кіруіне қарсы шығып, азаттық жолындағы күреске қоса жана ғұмырының тең жартысын сарп еткен ұлы тұлға Кенесары Қасымұлының бейнесі „Көшпенділер" трилогиясының үшінші бөлімі - „Қаһар" романында ашыла түседі.

М. Әуезов айтқандай, XX ғасырдың қазақ жазба әдебиетіне ерекше леп әкелген, „жолдың алғашқы құсындай" болған жазушылардың бірі де бірегейі - Ілияс Есенберлин. Ол жазушы бүтін бір қазақ өлкесін, барлық үш жүзді толық қамтыған Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық көтерілісін шебер суреттеген.

Әдебиеттанушылардың келтірген деректері бойынша, жазушы бұл трилогияны өмірінің соңғы жылдары жазған, сонымен қатар, автор ең бірінші үшінші бөлімнен, яғни „Қаһар" романынан бастап жазған дейді. Бұл туралы Ілияс Есенберлин: „Менің халқыма, оқырманға жеткізер негізгі ойым, түпкі идеям осы романымда көрініс табады. Шығармада халқымыздың басынан өткен ауыр кезең, қиындықтары айқын суреттелген", - деп атап өтеді.

Абылайдың қалмақ әйелі Хочадан туған Қасымнан тараған балалардың бәрі көкжал бөрідей еді. Қасым төренің (~~үлкен~~) ұлдарының бәрі батыр болған. Тарихи деректерге сүйенер болсақ, ұлт-азаттық көтеріліс 1825-36 жылдары Саржан мен Есенгелдінің қозғалысымен басталып, 1837-47 жылдардағы Кенесары мен Наурызбайдың



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

күресімен жалғасын табады. Достық ниетпен Қоқан ханынан көмек сұрап барған Саржан мен Есенгелдінің бастарын Ташкент Құшбегі өз қолымен алады. Бұл оқиғадан кейін Қасым төре: „Көкшетауда Абылайдың өз қарын жастығымен, қателікпен мерт етіп едім. Көкшетауымнан айырылғанымда соның қарғысы деп білуші ем, енді екі ұлымнан бірдей айырылып отырмын. Бұдан былай өзге балаларымнан қарғысында аулақ ет!" - деп күңірене зарлайды.

Бұл кездерде Кенесарының батырлық істері ағаларының көлеңкесінде көрінбей қалып кететін. Бірақ, Қасым төре әлдеқашан жолды іштей осы ұлдарына беріп те қойған. Сол кезеңнің атақты жыршы жырауы Нысанбай жырау: Абылай жолы-ауыр жол,

Батыр Кене білер ол, - деп өз тілегін білдіреді. Елінің азаттығы жолында күреске қайта бел буған Кенесары қарпескеніне: „Менің серттім өзің құл! Елім үшін жанымды да қиюға даярмын", - деп ант береді. Бойынан тәкаппарлығы мен батырлығы қатар байқалатын батыр Кенесары туралы әдебиеттанушы М. Әуезов:

Қазақта талай-талай ерлер өткен,
Алайда Кенекеме кім бар жеткен?
Сүйремей елін өрге, көрге сүйреп,
Ер емес, „ерліктер" ол елді еңіреткен, - деп жырлайды.

Романда түс көру мотивіне автор ерекше ден қойып суреттеген шығарманың шешімі де, тарихи оқиғалар да соған байланысты өрбітінін байқай аламыз.

Кенесарының жанында жүретін кеңесшілерінің бірі, поляк ұлтынан шыққан, қазақпен мүддесі бір болғандықтан Кенесары көтерілісіне қосылған Иосиф Гербурт Жүсіп Шыңғыс ұрпақтарының батылдығына қайран қалады. Ағар ешкімді де, ештеңені де аямайтын Жүсіп Кенесарының өзінің 5 жасар ұлы Сыздықты қылышпен сынағанын көргенде


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

анық байқалып түседі. Сол кезде ол Сыздықты „нағыз көкжал" деп бағалайды. Мұны естіген Кенесарының көзіне Абылай хан болып сайланған күні түнде көрген түсі оралады. Абылай хан: „Түсімде Шалқұйрық атпен келе жатып арыстанды кездестірдім. Оның ішін тесіп жолбарыс шықты да, одан көкжал бөрі шықты. Содан соң, одан шыққан түлкінің ішінен быттырап шығып жатқан құрт-құмырсқа, шаянды көрдім",- деп баяндайды. Бұны Бұқар жырау: „Шалқұйрық атқа мінгенің- хан болғаның. Арыстан- бұл сенен туған ұл болса, немерең- жолбарыс және қалғандары да сенің ұрпақтарың",- деп жорыған екен. Иә, шынымен де, роман желісін талдап қарастырар болсақ, Абылай ханның әр ұрпағының іс-әрекеті, болмысы осы жануарларға ұқсас келеді. Нақтырақ айтқанда, жолбарыс- Кенесары болса, одан туған ұл- Сыздық жаңағы Жүніс айтқандай көкжал бөрі сияқты. Ал тарихта әкесінің ісін жалғастырушы ретінде қалған. Ал Сыздықтың ұлы Жүніс дәл бір түлкідей қу, айлакер болған, оның ұрпақтары да құрт-шаяндай тым майдаланып кеткен. (Ал Жүніс) Бірақ, Кенесары Абылайдың бұл түсін өзінше жориды. Ол жаңа жануарлар әрбір билеушінің кезіндегі халықтың сипаты деген тұжырымға келеді. Менің ойымша, бұл жерде Кенесарының да, Бұқар жыраудың да түс жоруы тарихи шындықпен сай келеді. Жазушы Ілияс Есенберлин Абылайдың түс көруі арқылы романға ерекше ой тастайды.

Шығармада түс көру мотиві Кенесарының да көрген түсі арқылы талдана түседі. „Түс түлкінің боғы" десек те, Кенесары түсінде өз өлімін көруі- романдағы маңызды деталдардың бірі болып табылады. Кенесары түсінде қазақтарға қарсы қырғыздардан көмек сұрап, Орман хан алғашында келісім берсе де, кейіннен келісімін бұзып, қазақтар жіберген елшіні өлтіріп, соғыс басталған. Қырғыздар мен қазақтар арасындағы соғыс Кеклік сеңгір мен Майтөбе шатқалдарын-


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қаныш және ғылыми майдан

Ұлттық тарихтың ұлағатты есімдері қатарына қазақ халқы тағдыры қолға өтуінің кезекті қаңқамау дәуірімен тұстас келген қос ғасырдың қоламталы сынынан сүрінбей өтіп, бүгін де бірегей ақберендеріміздің қатарында Қаныш Имантайұлының есімі көш басын бастап тұр. Өз өмір жолында халқы үшін аянбай еңбек еткен тұлға қай кезде де болмасын жұрт жадында.

„Өлді деуге сия ма айтыңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған" - деп Абай жырлаған өлең жолдарына Қ. Сәтбаев ғұмыры сәйкес келеді десем артық айтпағанмын. Әсте қазақ көгінде мәңгі жасыңдайтын ғалым өмірі белгілі тұлға Медеу Сәрсекенің қалам тербеуіне түрткі болды. Тарнақалды туындысында автор: „Баянауыл бөктерінде дүние есігін ашқан Қаныштың ұлы ғалым ретінде қалыптасу жолы сан қилы" - деп пікір білдіреді. Расында да, Қаныш ата қалыптасу жолында алпауыт ғылыми майдан жатыр. Мұнымен Қаныш Сәтбаевтың 1946 жылы құрылған ҚазАКСР Ғылым Академиясының басшысы болғанын атап өту жөн деп санаймын. Жақын арада жарық көрген „Қаныш және ғылыми майдан" кітабының авторы Сәнжар Керімбай өз пікірінде: „Қазақ халқының бағына орай жүз адамның жұмысын бір өзі атқара алатын ғалым атылмай, тірі қалды. Ол - Қ. Сәтбаев" - деуінің өзі геологтің жалғыз-ақ жүз адамға татитынының белгісі.

„Адамдық борышың,

Халқыңа еңбек қыл" - деп Ш. Құдайбердіұлы жырлағандай Қаныш ҒА-да қызмет атқару барысында азаттығы қолында болмаған қазақтың шері мұқа жерін зерттеуде небір ғылыми экспедицияларды өткізіп отырды. Екіншіден, тұлғаның тағы бір



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

танымдық қызметі - „Алгебра" оқулығын түркі тілдеріне тағы жазуында. М. Әуезов „Қазақтың бас ғалымы" мақаласын жаза отыра, „Қанышның бір ерекшелігі ол геологпен де, физикпен де, химикпен де, тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе алады."- деп сипаттауы туған таланттың жан жақтылығының көрінісі. „Қараңғы қазақ көгіне,

Өрмелеп шығып күн болам.
Қараңғылықтың көгіне
Күн болмағанда кім болам?"- деп

С. Торайғыров ұстанған ұстанымды Қаныш басшылыққа алып, қазақ балалары көзі ашық, көкірегі ояу санасы зор ел үшін жалындаған жастар болуы хақында тер төкті. Үшіншіден, геолог атанған Сәтбаевтың кен орнына қосқан үлесін айтпай кеткен бұрыс деп санаймын. Ұшы қиыры жоқ кең даланың қаймағын бұзылмай сақтаған қазынаса жер қойнында. Атап айтарлық Жезқазған кен орындарын ашып, қазба байлықтарын зерттеуде мол үлес қосқан геологтің: „Өз елінің қара тасын мақтан ете алмаған, өзге елдің алтынын мақтап жарытпақ емес"- деген пікіріне сүйене отыра, оның ел тағдырын ойлап, көпшілікке ұн жандауының өзі ерлік. „Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын"- деп Ә. Бөкейхан айтпақшы алаш туы астында қазақ деп соққан жүрегі қиын кезең өткелдерінен жол тауып, тек алға түлеп ұшты.

„Тұратын жарқыратып алыстарды,
Белгісі ұлылықтың Қаныш шыңы.
Құдайға шың рақмет бере салған
Қазаққа осындай бір данышпанды."- деп Несіпбек Айтұлы
доп түсіп мадақтаған Қаныш сан қатпарлы


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

өмір құпиясының көкжиегі көңіліне ұялап, қанаттанған шабытының шалқыма мұхитына шым батып, шарқау биігіне көтеріле берді.

Уақыт шіркін тізгінге тоқтаған ба, аузыздағыдан қарш-қарш шайнап, зымырап барады. Тек артында тастаған туғыдан түйдектеліп біздің тарихымыз боп қалып бара жатыр. Осы тарих сахнасында жас ұрпаққа мол мұра қалдырған алмасырмас темірқазық Қ. И. Сәтбаев есімі тайға таңба басқандай алтын әріптермен жазылуы тиіс. Оның дүзайы сәлемін сөнбес шамшырақ етіп ұрпақтан ұрпаққа жеткізу бізге міндет.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Эссе

Қазақ әдебиетіндегі шешендік толғаулар және ондағы құбылту түрлері.

Қазақ халқының тарихы ұлт әдебиетімен тығыз байланыста. Ертеректегі ерлік атқа ер салған батырлардың өздері де қазақ әдебиетшілерінің, жырауларының, ойшылдарының қатарында болған тұлғалар. Халқын бейбітшілікке, тұтастыққа шақырған ақындар, өз өлең-жырларында, толғауларында да қалыс қалмай, қазақты рухтандыра алды, бұзылған, қираған қоғамды реттей білді. Қара халық дауын шешу барысында пайда болған нақыл сөздер қазақ даласына сонау моңғол-қыпшақ, оғыз елдерінің дәуірінен жеткен даналық сөздер жалғасы еді. Расымен, әлі күнге дейін дала даналары- Майқы би, Мөңке би, Қорқыт ата және ұлы жүздің билері- Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің атаулы сөздерін оқыған жастар бойынан ер рухты батырдың бейнесі көрінеді. Мүмкін, бұл да атаулы тұлғалардың шығармашылығындағы оқырман ішкі-дүниесіне жету тәсілі болар.

Шын мәнінде, бұл сыр қаламгердің өз сөзін әшекейлеп, көркемдеуінде жатыр. Сол заманның білімді, сауатты адамдарының дау барысын тоқтатудағы айтар ойы, шешімі атаулы сөзге айналуына көркемдегіш құралдар себеп болды. Қорқыттың „Ежелгі дұшпан ел болмас" атты нақыл сөзін мысалға алсақ, әшекейлеу тәсілінің бірі- эпитетті байқауға болады. Мұндағы эпитет „ежелгі" сөзі болып келеді. Сан ғасырлар бойы сақталып келген шешендік өнерге тағы бір мысал- орынды ұл - ошақ қоры, орынсыз ұл - атаның сорын алып көруге болады. Мұндағы ұлды ошақтың қоры мен адам сорына теңеуі-метафораға баланады, ал ұлды орынды не орынсыз деп сипаттауы эпитетке жатуы сөзсіз. Дау мәселесін шешу үшін қолданылған бұл сөздер тек мағына жағынан ғана емес, ойдың әшекейленіп, түрленіп келуінен де маңызды. Ал Қорқыт атаның „Адам керуен секілді: тоқтады, тұрды және көшті" деген түйген ойынан. Сол кезеңдегі ғана емес, жалпы адамзаттың өмірін жабық шики



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором: КТ - 9-05

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 2.

ретінде бейнелеп, сипаттайды. Халық билерінің тағы бір сөзі бар: „Қатал хан елін жау алмас". Мұндағы қатал хан - әмитет, яғни, хан, билеуші бейнесін сипаттау, нақтылау болып келеді. Атаулы сөз әдеби тәсілден ғана емес, қоғамдық мазмұннан да сараланып айтылған ой: Елімізді жауға бермес жол-тәртіп пен біртұтастық болып келеді. Бұл сол заман билерінің, қоғам өкілдері мен шешендерінің өз сөзін саралап, қоғамға берер ұсыныс-кеңесін көрсетіп, дидактикалық мәнін де ойластырып, ажарлап айтатынына дәлел болары сөзсіз.

Қазақтың билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би әрі Мөңке би, „Түп атасы" болған Майқы би де қоғам жанашырлары. Олардың бізге қалдырған әр сөзі әдеби мұра мен тарихи қазынаның баға жетпес бөлігі. Артынша айтқан сөздерімді бір сөзбен қорытындылай келе мынаны айтқым келеді: Қазақ тарихы оның әдебиетінің бастау алар ілім, ал әдебиет бастауы - ежелгі кезеңнің жалпы түркі халқының даналарының, би-көсемдерінің сөзі. Сондықтан, әр нақыл сөзді әдебиетке үңіле оқыған адам - жай адам емес, нағыз руханилық пен даналықтың бейнесі болар тұлға екенін ұмытпаған абзал!



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
Қт - 9 - 04

атысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

„Кенесары - Наурызбай" жырындағы көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшеліктері

Қай-қай заманның да атап көрсетерім батыры болары хақ. „Батыр болу үшін - тек қан төгіп, шаш жұлысу керек" деп санайтындар аз емес. Батыр болу - қандай жағдай болмасын, шындық үшін шырқидай - тын тұлғаларды айта аламыз. Әр ғасырдың өзіндік батыры болмақ. XIX ғасырда Ресей империясының отаршылдық езгісінде жүрген уақытта, ел арасынан суырылып шығып, халық мүддесін қорғаған батырларымыз - Кенесары мен Наурызбай екенін естен шығармағанымыз жөн.

Бұл батырлардың есімін көптеген шығармалардан кездестіре аламыз. Мысалы: Мұхтар Әуезовтың „Хан Кене" поэмасы, Ілияс Есенберлиннің „Көшпенділер" трилогиясының үшінші бөлімі „Жаһар" романы, Нысанбай жыраудың „Кенесары - Наурызбай" дастаны және осы дастан негізінде жазылған көптеген шығармалар бар. Осы шығармалардың ішінде Кенесары мен Наурызбай бейнесі толық әрі жері бейнеленген шығарма Нысанбай жыраудың „Кенесары - Наурызбай" дастаны. Бұл дастан еліміздің кегін қайтару үшін қырғыз еліне қарсы Наурызбай бастаған көтерілісті сөз етеді. Қырғыздардың қазақтардың жылқысын ұрлауы - көтерілістің басты себебі еді. Нысанбай жыраудың дастанда көркемдегіш құралдарды көркем қолдануы оқырманға ерекше әсер қалдыратыны сөзсіз. Дастанның басында ақ Кенесары мен Наурызбайдың портреттік тұлғасын түрлі эпитет, теңеулермен бейнелеген. Автор кейіпкерлердің бойындағы ерен күшті гипербола арқылы көркем жеткізген. Осылайша оқырманға кейіпкерді батырлық пен ерліктің символына балауға мүмкіндік береді. Автор гиперболаны тек кейіпкерлерге ғана емес, арғымақтарға да қолданған. Яғни, гипербола арқылы арғымақтардың күшін екі еселенген және де эпитет, теңеу арқылы оның күштілігін сипаттаған. Мысалы, „сұңқардай", „қыrandай",

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

«құстай», «жүйрік ат». Оқиға желісі бойынша Ержан атты қазақ батыры қырғыз еліне тұтқынға түседі. Оны құтқару мақсатында Наурызбай қол бастайды, бірақ Кенесары оған келіспейді. Кейіннен Ержанды құтқара алмағандықтан Наурызбай Кенесарыға ішіндегі өкпе-назын білдіреді. Ол Кенесарыны «қатынсың» деп, қолына найза ұстағанын айтып сай-сүйекті сырқыратарлықтай сөздер айтады. Ол Ержанның сенуші ағасы бар деп, Кенесарыға үміт артқанын айтып, оған ренішін білдіреді. Кенесары осы уақытта оған жауап қатпайды, өйткені ол өз қатесін ішкей түсініп, күрсінеді. Автор оқиға желісінің осы тұсын барынша жеріне жеткізуге тырысқанын байқай аламыз. Оқиға Рүстем мен Сыпатайдың сатқындығымен және Кенесары мен Наурызбайдың өлімімен аяқталады. Ол Рүстем мен Сыпатайдың сатқындығын өте үлкен жазықсыз, жаман іске балай отырып жеткізген. Ал Кенесары мен Наурызбайдың өлімін үлкен қайғылы, өкінішті жайтқа теңеген және оларға жоқтау жазған. Жоқтаудағы көркемдегіш құралдар оның зарлылығын, мұңын жері жеткізуге көмек беріп тұр. Жалпы осы дастан арқылы қазақ батырларының бойындағы ұлы күшті, қайтпас қайсарлықты, ерен ерлікті көре аламыз. Уинстон Черчилль айтқандай «Қыран құс жел бағытына қарсы ұшқанда ғана биік самғайды». Бұл батырлар іштің бар қауіп-қатерін біле, түсіне тұра, олар айтқан беттерінен қайтпады. Осылайша олар өздерінің батырлықтарын дәлелдей алды.

Қорытындылай келе, әр елдің еркіндігі үшін, жерді үшін жан берісіп, жан алысатын батырлары аз емес. Сондай батырлар халқы үшін сыйлы болмақ, бірақ ел мүддесі үшін саусағының ұшында қимылдатпай, ақ жұмыртқа сары уыз сызыды адам болып көрініп, елінің құрметін алғысы келетіндер баршылық. Бұған дәлел ретінде Зәйхан Нұрмайықовтың сөзін айта


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӨСІПОРНЫ

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 3

...алын: „Елге сыйлы болар ісің болмаса, ел ағасымын деп айтпа".



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Кенесары - Наурызбай жыры.

„Кенесары - Наурызбай" дастаны 1837 жылғы Кенесарының ұлт азаттық көтерілісі негізінде жазылған шығарма болып табылады. Онда бізге сол көтерілісте болған оқиғалар толық жеткізілген. Соның ішінде Кенесарының көтерілісті бастағаны, елі үшін жанын пидай еткен қазақтың батырлары Наурызбай, Ағыбай, Бөкенбай сынды батырлардың ерен ерліктері, сатқын Рүстем мен Сыпатайдың өз елін жауға, дұшпанға ұстап беруі жөнінде баяндалған.

Бұл жырда көркемдегіш құралдар көптеп кездеседі. Соның ішінде жырда риторикалық сұрақ, эпитет, теңеу, аллитерация, метафора, ассонанс секілді көркемдегіш құралдарды бірден байқай аламыз. Автор риторикалық сұрақты қою арқылы оқырманды ойландырып жібереді. Кейін сол сұрақтың жауабын, шешу жолын айта кетеді. Эпитетті өз жырында қолдана отырып, белгілі бір заттың, құбылыстың түсін, түрін меңзейді. Теңеуді қатыстыру арқылы бір затты екінші бір затқа теңеп, ұқсастырады. Осы көркемдегіш құрал арқылы біз автордың айтпақ айтқысы келген ойын толық түсіндік.

Қорытындылай келе, „Кенесары - Наурызбай" жыры қазақтың рухын асқақтатып, елді бірлікке, ынтымаққа үндейтін, көркемдегіш құралдары дұрыс қолдана отырылып жазылған бірден бір керемет туынды деп санаймын. Осы шығармалар арқылы біз тарихқа көз жүгіртіп, қайтпас-қайсар



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 2

батырларымызды әрқашан еске алып отыратын болайық.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором: Кт-9-02

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Эссе

(Ұлтжандылықтан жаралған ұлылық)

(Б. Момышұлының азаматтық тұлғасы туралы)

(Б.)

Кенесары-Наурызбай жырындағы көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшеліктері.

„Кенесары-Наурызбай" шығармасы қазақтың азаттық үшін күресін бейнелейтін көркем туынды. Шығармадағы көркемдегіш құралдар оқиғалардың әсерлігін арттырып, кейіпкерлердің ерлігін тереңдетіп тұр. Шығармадағы эпитеттер Кенесарының батырлығы мен Наурызбайдың қайсарлығын көрсетіп тұр. Мысалы: „жаужүрек батыр", „желдей ескен тұлпар" деген рухани сөз тіркестері.

Мұндағы теңеулер батырлардың ерлігін бейнелеп тұр. Мысалы: „арыстандай айбатты" деген сөз тіркесі. Шығармадағы метафоралар шығарманың маңыздылығын арттырып, драматизмді көрсетіп тұр. Мысалы: „азаттықтың алауы".

Сонымен қатар ауыз әдебиеті ықпал етіп тұр: қайталанулар мен ұйқас, аллитерация шығармаға бірқалыптық сипат, эмоционалды қарқын береді. Ал гипербола батырларды асқан ерлікпен сипаттайды.

Бұл тәсілдердің барлығы оқырманға тарихи оқиғаның тереңдігін ұғындыруға, терең ойлауға көмектеседі. Мен үшін көркемдегіш құралдар, шығарманы халықтық рухта жазылған көркем туынды қылып бағалауға мүмкіндік берді. Әкейсоқ өзіндік шеберлікпен қолданылып өрілген тұр, мағынасын ұғындыруға көмектесіп тұр. Шығарма көркемдегіш құралдарсыз құр сорпа секілді, ешкімді қозғалтпайды, сол себепті әкейсының өз ерекшеліктері мен орындары бар



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Тек оларды шебер әрі орында қолдана білу керек.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Кенесары-Наурызбай" жырындағы көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшеліктері.

Көркемдегіш құралдардың әр шығармада қолданылуына қарап, сол шығарманың бейнесі қаншалықты жеткізілгенін байқауға болады. Көркемдегіш құралдарды автор айнасы десек те қателеспейміз, себебі осы сөздердің қолданыс ерекшелігіне қарап, автордың айтқан, не жеткізгісі келгенін біле аламыз. Мұндай көркемдегіш құралдар әдеби шығармаларды көп кездеседі. Осындай намыстанлардың пен батырлардың бейнесін көркем жеткізілген шығармалардың бірі Нысанбай жыраудың „Кенесары-Наурызбай" жыры. Бұл жырдағы қолданылған көркемдегіш құралдардың басқа шығармаларға қарағанда ерекшелігі неде?

Жырдың негізі Кенесары мен Наурызбайдың халық үшін жасаған ерен еңбегі жатыр, ел үшін шыбындай жанын аямаған батырлар мен ауызбірлігі жоқ, қара басының қамын ғана ойлап, қандас бауырларына ту сыртынан пышақ сұғып, Патшалық Үкіметке тілсіз құл болып кеткен сатқындар жатыр. Жырда Наурызбай мен Кенесарының бауырмалдығында, Кенесарыға өлгенше адал болған Ағыбай мен Бұқарбайдың достығында, Күнімжан мен хан Кененің махаббатында, іштен шыққан жаулардың ашуызуғанда автор бірнеше әрлеу түрлерін қолдану арқылы шебер жеткізген



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ „ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Мысалы шығармадағы Кене ханның қазасы мен табиғат қайғысын салыстырып тұр. Бұл салыстыру психологиялық параллелизмге бағын сақталады. Эпитеттерге тоқталсақ, мұндан „Әбілхайыр Кенесары", „еркүрек Наурызбай" деген сөздердегі сөз тіркестерінен мысал келтіруге болады. Бұл шығармада қолданылған көріктеу сөздердің басқалардан ерекшелігі, ол мұндағы намысшылдық, батырлық, тікжүзділік, қайтпас рухты суреттейтін сөзге басқа қасиеттерге қарағанда көп қолданылады деп айтамын. „Батыр туса - ел ырысы, жаңбыр жауса - жер ырысы", - делінген шығармадан ел үшін қызмет ететін, өжет ердің басы қаншалықты маңызды екенін түйіне аламыз.

Тазшан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсем, тыңдаушы ой елегін салып, ұғына оқыған адамдар үшін әр қолданылған көркемдегіш құралдың пайдалану себебін, мақсатын көру, байқау қызықтыққа сақталады. Шығарманың берер тәлім-тәрбиесі мен маңыздылығы да 24б. аз емес.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ